

**ҚР Жоғарғы Сотының
төрағасы
Ж.Қ.Асановқа**

А Л Ғ Ы С Б І Л Д І Р У

Қызылорда қаласының әкімінің маған, «Берікбол» шаруа қожалығының жетекшісі жауапкер Аханов Галымжан Берикболовичке Қызылорда қаласы әкімдігінің «Бұрын уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен өзіндік кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін табысталған жер учаскесіне жеке меншік құқығын табыстау туралы» 12.07.2016 жылғы №5819 қаулысының және құқықтық кадастырдың тіркеу парағындағы жазбаның күшін жою туралы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2-ші рет жүгінген болатын.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 23.02.2005 жылы азамат Галымжан Ахановқа өзіндік кәсіпкерлік жүргізуге негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін жер учаскесіне өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын табыстау туралы №1123 қаулысымен Қызылорда қаласының босалқы жер санатынан жалпы көлемі 100,0 гектар, оның ішінде жайымдылығы 82,0 гектар, басқа алқаптары 18,0 гектар жер учаскесі 10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы табысталған.

Жер учаскесін жалға беру туралы 18.03.2005 жылы тараптармен №216 шарт жасалып, жер учаскесінің сызбасы, түсіндірмесі, жер учаскесінің бағалық құнын анықтау актісі мен есебі жасалған.

Мен өтеулі жер пайдалану (жалдау) мерзімі аяқталуына орай, 04.02.2015 жылы Қызылорда қаласының әкіміне жеке меншік құқығын табыстау туралы өтінішпен жүгінген, яғни Қазақстан Республикасының Жер кодексі талаптарына сәйкес өз міндеттерін шарттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін мемлекеттік органды жазбаша хабардар еткенмін.

Маған жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акт 13.10.2017 жылы табысталған және меншік иесі (құқықтық иесі) туралы жер учаскесіне қатысты мәліметтерді Қызылорда қаласы әділет басқармасына 01.11.2017 жылы тіркедім.

Талап қоюшы жауапкерге жер учаскесін табыстау туралы қаулының күшін және тіркелуін жою туралы талап қою арызымен сотқа жүгінгеннен кейін дайындық сатысында талабын нақтылап, жауапкер мен Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімі арасында жасалған жер учаскесін сатып алу – сату шартын жарамсыз деп тануды талап етті.

Сот отырысында мен және өкілім талап қою арызымен келіспей, даулы жер учаскесін 2005 жылдан 2015 жылға дейін жалға алып, 10 жылдан кейін Жер кодексінің талаптарына сәйкес сатып алып, жердің құнын, салық төлемдерін төлеп келгенін, осы алған жерінде шаруа қожалығын жүргізу үшін 3 600 000 теңге несиеге мал алып өсіріп отырғанын, ол жерде атыма тіркелген жылжымайтын мүліктер де бар екенін, он жыл бойы пайдаланып келген жер учаскесін жеке

меншігіме алуға 2015 жылдың ақпан айында қала әкіміне жазған арызы бойынша бірнеше рет ізденіп, бір жарым жылға жуық қарап, жеке меншігіне табыстау туралы қаулыны 1,5 кеш қабылдауы жергілікті атқарушы органның кінәсі екенін көрсетіп, талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрадық.

Азаматтық істі қараған судья, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Б.Елшібеков іс құжаттарын толық зерттеп, талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылуға жататыны туралы шешім шығарды.

Сонымен қатар, жер заңнамасына қатысты анықталған заң бұзушылықтар бойынша алдыңғы уақытта болдырмау мақсатында тиісті шара қолдану үшін жеке ұйғарым қабылдады.

Осымен мені жыл басынан бері шаршатқан дауға заңды нүктесі қойылды.

Өзімнің және жанұямның атынан әділ шешім қабылдаған судьяға айтар алғысымды білдіргем келеді.

**«Берікбол» шаруа қожалығының
жетекшісі**

Ғ.Аханов

Өкілі

С.Жарекеев

*Қызылорда қаласы
17 маусым 2019 жыл*